

Ордабасы ауданы бойынша жекелеген елді мекендердің шекараларын бекіту туралы

Бірлескен Түркістан облысы Ордабасы ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 605 қаулысы және Түркістан облысы Ордабасы аудандық мәслихатының 2020 жылғы 28 ақпандағы № 57/3 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментіне 2020 жылғы 10 наурызда № 5473 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 108 бабының 1, 5 тармақтарына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік аумақтық құрылышы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 12 бабының 3) тармақшасына сәйкес, Ордабасы ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Ордабасы аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ордабасы аудандық жер қатынастар бөлімі және Ордабасы аудандық сәулет және қала құрылышы бөлімдерінің бірлескен ұсынысына сәйкес жекелеген елді мекен шекараларына өзгеріс енгізілсін:

1) 101,0 гектар жер участкесі елді мекеннің шегіне енгізіле отырып, Қажымұқан ауыл округі Темірлан елді мекенінің жалпы ауданы 1155,0 гектар;

2) 149,0 гектар жер участкесі елді мекеннің шегіне енгізіле отырып, Қажымұқан ауыл округі Қажымұқан елді мекенінің жалпы ауданы 268,4 гектар;

3) 7,0 гектар жер участкесі елді мекеннің шегіне енгізіле отырып, Бадам ауыл округі Мамыр елді мекенінің жалпы ауданы 93,6 гектар;

4) 101,0 гектар жер участкесі елді мекеннің шегіне енгізіле отырып, Бадам ауыл округі Ордабасы елді мекенінің жалпы ауданы 182,0 гектар;

5) 10,1 гектар жер участкесі елді мекеннің шегіне енгізіле отырып, Бадам ауыл округі Қарабастау елді мекенінің жалпы ауданы 42,85 гектар;

6) 59,0 гектар жер участкесі елді мекеннің шегіне енгізіле отырып, Бөген ауыл округі Бөген елді мекенінің жалпы ауданы 345,0 гектар;

7) 33,0 гектар жер участкесі елді мекеннің шегіне енгізіле отырып, Бөржар ауыл округі Теспе елді мекенінің жалпы ауданы 123,0 гектар;

8) 23,6 гектар жер участкесі елді мекеннің шегіне енгізіле отырып, Бөржар ауыл округі Қайнар елді мекенінің жалпы ауданы 210,0 гектар;

9) 15,0 гектар жер участкесі елді мекеннің шегіне енгізіле отырып, Женіс ауыл округі Женіс елді мекенінің жалпы ауданы 207,2 гектар;

10) 15,5 гектар жер участкесі елді мекеннің шегіне енгізіле отырып, Қараспан ауыл округі Төреарық елді мекенінің жалпы ауданы 133,8 гектар;

11) 12,0 гектар жер участкесі елді мекеннің шегіне енгізіле отырып, Қараспан ауыл округі Батыр ата елді мекенінің жалпы ауданы 118,7 гектар;

12) 22,0 гектар жер участкесі елді мекеннің шегіне енгізіле отырып, Қараспан ауыл округі Берген елді мекенінің жалпы ауданы 135,4 гектар;

13) 6,8 гектар жер участкесі елді мекеннің шегіне енгізіле отырып, Қараспан ауыл округі Мәдениет елді мекенінің жалпы ауданы 73,18 гектар;

14) 7,8 гектар жер участкесі елді мекеннің шегіне енгізіле отырып, Қараспан ауыл округі Ақжол елді мекенінің жалпы ауданы 108,65 гектар;

15) 19,0 гектар жер участкесі елді мекеннің шегіне енгізіле отырып, Төрткөл ауыл округі Елшібек батыр елді мекенінің жалпы ауданы 102,06 гектар;

16) 17,0 гектар жер участкесі елді мекеннің шегіне енгізіле отырып, Төрткөл ауыл округі Жайылма елді мекенінің жалпы ауданы 25,65 гектар;

17) 8,5 гектар жер участкесі елді мекеннің шегіне енгізіле отырып, Төрткөл ауыл округі Спатаев елді мекенінің жалпы ауданы 105,33 гектар;

18) 24,0 гектар жер участкесі елді мекеннің шегіне енгізіле отырып, Төрткөл ауыл округі Төрткөл елді мекенінің жалпы ауданы 457,0 гектар;

19) 16,0 гектар жер участкесі елді мекеннің шегіне енгізіле отырып, Бөржар ауыл округі Жамбыл елді мекенінің жалпы ауданы 144,4 гектар;

20) 14,5 гектар жер участкесі елді мекеннің шегіне енгізіле отырып, Қарақұм ауыл округі Қарақұм елді мекенінің жалпы ауданы 189,21 гектар.

2. "Ордабасы ауданының мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді "Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді оны ресми жарияланғаннан кейін Ордабасы ауданының мәслихатының интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Бірлескен қаулы және шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Усербаев

Аудандық мәслихат

С. Абжолов

сессиясының төрағасы

Т. Ибрагимов

Аудандық мәслихат хатшысы